

- побуждающая функция – обучение будущих учителей в вузе на основе новых педагогических идей, их принятие и понимание значимости для обучения учащихся МКШ побуждает к инновационной деятельности, к постоянному поиску новых идей, направлений, к саморазвитию и самосовершенствованию.

Реализация этих функций будет направлена на формирование у студентов готовности к нововведениям в обучении уже в стенах вуза и станет показателем определенно-го этапа процесса педагогической подготовки.

Среди предложений по совершенствованию психолого-педагогической подготовки будущего учителя следует отметить необходимость обучать студентов новым формам и методам работы с детьми разного возраста и различными индивидуальными особенностями, что актуализирует вопросы дифференциации и индивидуализации обучения. Несомненно, это очень важно, т.к. долгое время в работе всех типов школ, в том числе и МКШ, преобладала такая модель обучения, когда всё сводилось к передаче знаний и умений по учебным предметам без учета индивидуальных и психологических особенностей детей. При этом школьникам отводилась роль пассивного слушателя. Такая форма организации педагогического процесса не удовлетворяет ни современное общество, ни современную школу, так как подавляется способность ребенка логически, критически мыслить, творчески работать и развивать себя, определять свое отношение к действительности. Педагогическая деятельность большинства учителей ориентирована только на то, чтобы дети усвоили знания, приобрели умения и навыки, предусмотренные программой, часто путем заучивания и однообразного повторения. Нередко учителя сами испытывают чувство растерянности перед теми изменениями, которые вносятся в содержание и организацию учебного процесса. Это позволяет определить, что сложившаяся система педагогического образования не нацелена на перспективу, поэтому новые требования к качеству подготовки кадров вступают в противоречие со старыми формами и методами обучения.

Объем учебной информации ежегодно увеличивается, рождаются новые знания, появляются новые отрасли науки, что обуславливает изменение содержания образования. Повышая качество, конкурентоспособность образования, мы невольно затрагиваем возможности учащихся. Надо или повышать нагрузку за счет здоровья детей, или снижать качество обучения. Ни первое, ни второе не приемлемо. Решение этой проблемы многие видят в переходе на 12-летнее обучение. Но прогресс в науке и технике будет продолжаться, а это означает, что все время нужно будет увеличивать сроки обучения. Поэтому, чтобы реформа школы и всей системы образования была успешной, смогла оказать положительное влияние на всю экономику и культуру страны, необходимо радикально изменить педагогический процесс во всех образовательных учреждениях. В силу указанного, и система подготовки будущего учителя должна находиться в постоянном движении, функционировать и развиваться на основе присущего ей противоречия между достигнутым в каждый момент уровнем подготовленности и постоянно развивающимися и углубляющимися требованиями общества. Она должна учитывать механизмы саморазвития личности, опираться на познавательную активность обучаемых, отвечать личностно-ориентированному обучению, в котором важен не столько процесс передачи знаний, сколько процесс их познания самими обучающимися. Будущего учителя следует учить моделировать нестандартные способы профессиональной деятельности, творчески осуществлять учебный процесс, чувствовать перемены в педагогическом образовании. В структуре и содержании образования необходимо учитывать многообразие региональных особенностей, и тем более специфику такой школы как малокомплектная, так как социально-экономическая и демографическая ситуация способствует их сохранению и увеличению численности.

ЛИТЕРАТУРА

1. Ильминский Н. Воспоминания об И.Алтынсарине. – Каз., 1891.

Ы.АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫНДА ЖАСТАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Бижанова Б.С.

Заречный орта мектебі

Адамгершілік тәрбие дегеніміз – оқушылардың бойында мінез – құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың өздерін де бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту жөніндегі ұстаздардың арнаулы мақсат көздеген қызметі. Адамгершілік тәрбие әр уақытта, әр қоғамда болып келген. Адамгершілік кейбір бағыттар заман өзгеруіне байла-

нысты өзгеріп отырады. Себебі тәрбие – қоғамдық құбылыс. Адамгершілік тәрбие біртұтас оқу-тәрбие процесінің негізі болып табылады. Адамгершілік қасиет мораль, этика, өнеге арқылы айқындалады. Мораль, этика, өнеге адамгершіліктің күретаымыры болып табылады. Сондықтан да біз адамгершілік тәрбиені осылардан бастағанды жөн көреміз. Мораль дегеніміз – адамдардың бір-біріне, қоғамға деген міндеттері мен қарым-қатынастарын анықтайтын қауымдық өмір сүру ережелерінің, адамдардың мінез-құлықтары нормаларының жиынтығы. Мораль барлық қоғамда өмірдің саласында-еңбекте, тұрмыста т.б. әр түрлі қатынаста адамның мінезін, іс-әрекетін, санасын реттейді. Мораль этикамен байланысты.

Этика – бұл философиялық ғылым, қоғамдық сананың формасы, қоғамдық қатынастардың түрі. Этикалық норма – ешкімнің жарлығымен немесе үкімет шешімімен болмайды, дәстүр, қоғамдық пікір негізінде стихиялы түрде қалыптасатын құбылыс. Этикалық норма жалпы адамзаттың, таптық сипатта болады.

Этикалық норма және мораль теориясы әрбір азаматты саналыққа тәрбиелеуде, адамгершілік тәрбиесі теориясы мен тәжірибесін дамытуда елеулі орын алады.

Адамгершілік, өнегеліліктің өзі: өнегелілік сана, өнегелілік идеал деп бөлінеді.

Өнегелі немесе адамгершілікті сана-адамның қарым – қатынасынан, оның эмоционалдық іс-әрекетінен, мінез-құлқынан көрінеді. Өнегелілік баланың жас күнінен бастап, ата-ананың үлгісінен басталып ағайын-туыстың, мектептің тікелей басшылығымен қалыптасады. Өнеге – адамдардың бір-біріне, қоғамға деген міндеттері мен қарым-қатынастарын анықтағанда көрінетін, олардың тәлім-тәрбиелілігі, саналылығы, ережелерінің жиынтығы.

Өнегелілік сезімнен, ұяттан, ардан басталады. Сезімі, ар-ұяты бар адам адамгершілігін жоғалтпайды, қашан да өнегелі болуға тырысады. Ондай адамның өнегелі идеалы (мұраты, мақсаты) болады. Сол идеалға жетуге тырысады, жақсы адамға еліктейді. Ол үшін сезім, ар-ұяттан басқа адамда жігер, ерік болуы керек. Сол ерікті, жігерді дұрыс басқара білу керек. Сондықтан да сол өзгерістерді балаға уақтысында түсіндіріп отырған жөн.

Адамгершілік тәрбиенің негізі отбасынан басталып, балабақша, бастауыш сыныптарда жалғасын тауып күрделене береді.

Адамгершілік тәрбиенің мақсаты – жеке адамды дамытудың негізгі бөлігі. Ұстаз шәкірттерге жан – жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиеден бастайды. Оның адамгершілік сезімін, сенімін, белгілі мақсатқа, бағытқа жетелеу, іс-әрекетін ұйымдастыру осы адамгершілік тәрбиеден басталады. Ұстаз шәкірттердің ізгі ниеттілігін, адалдығын, кішіпейілділігін, жауапкершілігін қалыптастырады.

Адамгершілік тәрбиеге тән міндеттер бар. Олар:

- шәкірттердің адамгершілік тәжірибиесін қалыптастыру;
- шәкірттерді өмір талабына сай қоғамдық моральдық нормасын орындауға қатыстыру;
- Республикаға, оның Президентіне, Әнұранына, Рәміздеріне шәкірттердің сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Жасөспірімдердің адамгершілік тәрбиесінің мазмұны мектептегі пәндер, сыныптан тыс өткізілетін іс-шаралар арқылы қалыптасады. Осы өткізілетін сабақтар, іс-шаралар неғұрлым маңызды, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қонымды болса, олар соғұрлым баланы адамгершілікке тәрбиелеуде зор ықпал жасайды.

Азаматтық саяси-идеялық тәрбиенің мақсаттарын білім беру, тәрбиелеу, дамыту арқылы орындаймыз.

а) Саяси-идеялық білім деп отырғанымыз – шәкірттерге қоғамдағы өзгерістерді түсіндіру. Егемендік, еркіндік деген не? Қазақстан басқа мемлекеттермен қандай қатынаста болуы керек, т.б. ойларды пікірталас арқылы жеткізу.

б) Тәрбиелік мақсат деп отырғанымыз – ұрпақтарымызды жаңа заманға бейімдеу, еңбекке үйрету, қоғамдық-азаматтық іске араластыру.

в) Дамудағы мақсат білім мен тәрбиеден туындайды, жаңа дәуірдің жаңа азаматын дамыту.

Адамгершілік тәрбиенің күретаымыры – мораль, этика өнеге болса, адамгершіліктің басты белгісі – азаматтық, ал негізі – саяси-идеялық тәрбие. Бұл қасиеттерді оқушылардың бойына пән сабақтары, сыныптан тыс жұмыстар арқылы дарытуымыз керек.

Адамгершіліктің ең жоғарғы түрі – бауырмалдық, бүкіл адам баласын бауыр, дос тұту, көпшіл болу, ұлтжандылық қасиетті қастерлеу. Азаматтық тәрбие сана-сезімді, дүниетанымды, қалыптастырудан басталып саяси-идеялық тәрбие арқылы Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа әкеледі.

Ы.Алтынсарин «Өмірдің негізгі мәні – еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, ма-

ғынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын, рақат-ләззатын көре білу – кісіліктің басты белгісі» – деген.

Адамгершілік тәрбиесі мәселелеріне ақын-жазушылар соның ішінде Ы. Алтынсарин да аса зор мән берді. Адамгершілік қатынасқа ізгілік, елжандылық, отансүйгіштік, қамқорлық, дәрекілік т. б. жатады деп баса айтқан Ыбырай еді. Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарын адал, шыншыл, өнегелі болуға шақырды, ұрлық- зорлық, жатып ішер жалқаулық сияқты жат мінездерден аулақ болуды уағыздады.

Өзінің педагогикалық теориясында, жас жеткіншектердің адамгершілік тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибиесін негізге алу қажет деген пікір ұстанғандардың бірі – Ы.Алтынсарин.

Ы. Алтынсариннің демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз-тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез-келген шығармаларында адал, шыншыл, еңбексүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. Адамның адамгершілік көзқарасы мен ниеті оның сезімінен туындайтыны еңбектерінде кең көрініс тапқан. Қарап тұрсақ, Ы.Алтынсариннің еңбектерінің қай-қайсысы болсын балаларды ізгілікке, білімділікке, адамгершілікке үгіттейтін тәрбиелік мәні жоғары үлкен бір педагогикалық шығарма.

«Адамдар сыртқы көрінісі арқылы емес, ішкі жан дүниесі арқылы бағаланады», - деп Ы.Алтынсарин жас балаға адамдықтың негізгі кішіпейілшілікте екендігін қарапайым түрде жеткізе білген. /6:322/ Ы. Алтынсарин өзінің «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегіне халық әндері, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, батырлар жыры үзінділерінің көптеген түрін енгізген. Ол үшін фольклор келешек ұрпақты тәрбиелеу құралы қызметін атқарды. Ол бала жасынан бастап халық педагогикадан алған тәлім-тәрбиесін, үлгі-өнегесін, көңіліне түйгендерін оқу-ағарту ісі арқылы қазақ балаларының бойына сіңіре берді. Балаларды халық ауызекі шығармашылығын қадірлеуге, ондағы халықтың басынан өткен қилы-қилы тарихи кезеңдерге әділ баға беруді үйретті.

Ұлы педагог өзінің өлеңдері арқылы оқудың, өнер-білімнің маңызын түсіндіріп, нағандыққа қарсы шықты. Ол қазақ балаларын білімге баулып, олардан болашақ иелерін даярлауды бірінші мақсатым деп санады.

*Өнер, білім-бәрі де,
Оқуменен табылған...
Сауысқанның тамағы,
Шоқуменен табылған.
Кел, балалар, оқылық! –*

деп. Қазақ балаларына оқыған адам қараңғылықтан құтылып, дүниенің шырағын жағып, ілгері нық басатынын ескертті.

Адам бойындағы ең жақсы қасиет, ақыл, мінез, даулет, тұрмысқа керекті бұйым-бәрі де оқумен, білумен, ізденумен табылатынын айтты. Бүкіл ғылым білімнің басы – оқу екенін айтып, оның «Өшпес жарық, кетпес байлық» екенін ұғындырды.

*Өнер-білім бар жұрттар,
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзді-ашып жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды, – деп*

«Осы замандағы жан таңқаларлық нәрсенің бәрі де ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызған, суда балықтай жүздірген ғылым. Дүниенің бір шеті мен бір шетінен шапшаң хабар алғызып тұрған ғылым, отарба, откемелерді жүргізген ғылым», - екенін айтты. Ы.Алтынсарин қазақ халқының әдет-ғұрпына көп көңіл бөлген. Оқу-білімді үндеген, адамгершілікті, табиғатты жырлаған. Оны «Талаптың пайдасы», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Әке мен бала», «Өзен», «Байлық неде?» т.б. шығармаларынан кездестіруге болады.

Ақынның адамгершілік хақындағы кейбір пікірлері өзіне дейінгі қазақ ақындарының ақылгөйлік дәстүрін жалғастырып, орыстың ұлы гуманисі Л.Н. Толстой пікірлерімен ұштасады. Ыбырай да, Толстой сияқты, достыққа, адамгершілікке, тату-тәтті өмір сүруге үндейді.

*Бәріміз бір баланың баласымыз,
Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз!
Өмір деген бес күндік, кетер өтіп,
Атаң барғын орынға барасыңыз!*

Дәулеттілер кемтар, кедейлерге көмектесіп, жақсылық жолында ізгі іс қылса, қатарға тез қосылар еді, зұлымдық тез жойылар еді деген адамгершіл сенім гуманист ақынды біраз еліктірді. Осыдан келіп оның кейде бар, бай адамдарды ақылға келтіруге болмас па еді деген адамгершіл үміттің аясынан шыға алмай қалатын шақтары да кездеседі.

Ақынның «Сараңдық пен жинақылық» деген әңгімесінің мәні де терең. Онда жазушы сараңдылыққа, ұқыпсыздыққа, өтірікке, салақтыққа, еріншектікке қарсы әңгімелер жазды.

Ыбырай өз шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік өміріндегі қайшылықтарды ашып көрсетті. Сонымен қатар, жаңа әлеуметтік –мәдени жағдайда мектептегі тәрбие жүйесінде ұсынған ескерілуі керек болжамдардың ішінен бастауыш сыныпқа қатысты төмендегілерін бөліп көрсетіп отырмыз.

- Адамгершілік тәрбиесінде ұлттық тәрбиенің басымдылығына мән беруі тиіс;
- Адамгершілік тәрбиесін шығармашылық негізінде құру;
- Адамгершілік тәрбие жұмысының жаңа тиімді әдіс, жолдарын пайдалану;
- Адамгершілік тәрбиелік мәдени орта, тәрбиелік кеңістік құру. /7;-68/

Сонымен ғалым-педагогтардың, ағартушылардың, зерттеушілер өз еңбектерінде жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің орасан зор маңызы бар екендігін дәлелдей түседі.

Адамгершілік мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыру, адамгершілік сезімді дамыту, моральдық сананы мақсатты бағытталған түрде қалыптастыру немесе мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, мінез бітімдерін, моральдық қасиеттерді қалыптастыру процесі.

Қорыта келгенде, адамгершілік тәрбие – бүгінгі өскелең ұрпақтың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттары үлкенді сыйлау, мейірімділік, кішіпейілділік, шыншылдық, еңбексүйгіштікті қалыптастыру және олардың отбасына, адамдарға, Отанға деген сүйіспеншілік, бауырмалдық, батылдық сияқты қасиеттерін анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дамыту жөніндегі тәрбиешілердің арнаулы мақсат көздеген қызметі нәтижесінде қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Жас ерекшелік педагогикасы» С.А. Мұсаев, Т.Б. Бегалиев Оқулық-Астана «Фолиант», 2006ж. 258-266 б.
2. «Педагогика» Ш.Х. Құрманалина, Б.Ж. Мұқанова, Ә.У. Ғалымова, Р.К. Ильясова Оқулық-Астана: «Фолиант», 2007ж. 112-114 б.
3. Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұралары. Ә.Сыздықов-Алматы: «Мектеп», 1969ж.
4. «Мектепке дейінгі білім» №2(20) наурыз-сәуір 2009ж. 25 -27 б.
5. Ы.Алтынсариннің өмірбаянына қосымша.

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

Бисембаева Ж.Қ., Кулатаева К.С.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Өз мүддесін өзі қорғап, өз есесін өзі түгендеп, халқының үмітін ақтай білетін салауатты да, білімді жеке тұлғаны тәрбиелеу – бүгінгі тәрбиеші ұстаздың алдына «Білім туралы» заңның және өмірдің қойып отырған талабы.

Жас ұрпаққа тәрбие берудің әдіс-тәсілдері мен формалары өзінше бір үлкен маңызды да көп түрлі өлем.

Ал, қазіргі мектептің педагогикалық үрдісі сабақ уақытында тәрбиелік іс-әрекеттің бірлігін қарастырады. Әсіресе, халықтық педагогиканы ұтымды пайдалану әрекеттері бірден-бір міндет болып саналады.

Этнопедагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылыми саласы.

Жас ұрпақтың әдептілікке, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеудің таптырмас құралы. Бірақ жерімізде жетпіс жыл бойы билік құрған кеңес дәуірі кезінде жас жеткіншектердің сол мөлдір бастаудан сусындай алмай келгені өкінішті-ақ. Халықтық педагогика оқу-ағарту саласында тоқсаныншы жылдардың басынан ғана қолға алына бастады.

Халық педагогикасында тәрбие мәселесі бірінші орынға қойылып келді. Ол заңды да еді. Себебі, халық педагогикасы ғылым мен мәдениеттің жетілмеген кезінде пайда болғандықтан, тәрбиені еңбек пен өнерге, оның ішінде қол өнеріне негіздей жүргізуді уағыздады. Бертін келе, оқу-білім дамып, ғылым мен техника өрістей бастаған кезінде, XVII ғасырдағы ұлы чех педагогы Я.А.Коменскийдің атымен байланысты ғылыми педагогика пайда